

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Тану. 1-бөлім





Халықаралық қауымдастық бейнесі бір орында тұрмайды. Ол ұдайы өзгеріске ұшырап, саяси өмір кейде арнасынан тасып төгіліп, кейде қалыбына қайтып келіп жатады. Жаңа мемлекеттер пайда болып, бұрыннан бар мемлекеттер жойылып жатады.

Кейде мемлекеттердің күш қолдану арқасында пайда болады, кейде олай емес. Кейде мемлекет территорияға заңды билік жүргізетініне қарамастан, көтерілісшілер мен бүлікшілер бас көтеріп, билік орнатқан кездер де болады. Мұндай оқиғалар өз алдына бір жаңа факт ретінде өзінің заңды салдарына қатысты сұрақтар тудырады, яғни оқиға салдарынан пайда болған жаңа үкіметті, мемлекетті тану мәселесін әр мемлекет өз бетінше шешеді.

Танудың халықаралық кеңістікте де, муниципалдық (жергілікті ұлттық) құқықта да өзіндік салдары бар. Сондай-ақ, муниципалдық құқықта шетелдік мемлекеттерге берілетін артықшылықтар болады, ондай артықшылықтар мемлекет болып саналмайтын ұйымдарға берілмейді.

Әлбетте, қарастырып отырған тақырыбымызға саясаттың ықпалы зор екені айтпаса да түсінікті. Көбінесе тану туралы шешім құқықтық факторлардан гөрі саяси факторларға негізделеді. Тану дегеніміз – іс жүзіндегі жағдайға сәйкес құқықтық салдарды қолдану ғана емес. Кейде ол мемлекет ондай салдардың болғанына қалайтынына әлде қаламайтынына байланысты.

Мәселен, АҚШ ұзақ жылдар бойы Қытай Халық Республикасын немесе Солтүстік Кореяны танудан бас тартып келді. Бұл осы екі мемлекеттің өз территорияларына толық билік жүргізіп отырғанына сенбегендіктен (келіспегендіктен) емес, керісінше, мойындаудан кейін туындайтын құқықтық салдардан қашу еді. Малколм Шоудың пікірінше, бұл бір қарағанда құқықтық формальдылық болып көрінген, таза саяси пайым тұрғысынан қабылданатын шешім. Бұдан бөлек, қандай да бір субъектіні танудың әртүрлі жолдары бар. Мәселен, қандай да бір ұйымды толық егемен мемлекет ретінде де, сондай-ақ, белгілі бір аумақтағы билік ретінде де, басқа мемлекетке бағынышты билік ретінде де тануға болады. Әлбетте, бұл жердегі негізгі сұрақ – танудың мақсаты, оның беретін пайдасына байланысты.

Кей жағдайда тану ешқандай құқықтық салдары жоқ, бірақ едәуір маңызы, салмағы бір саяси ишара болуы мүмкін. Айталық, ұйымды «халықтың өкілі» ретінде тану.

Әдетте тану дегеніміз – халықаралық құқық субъектісінің басқа бір нақты немесе болжамды түрдегі халықаралық құқық субъектісінің нақты жағдайда халықаралық құқыққа сай мәртебесін мойындау болып есептеледі. Танығаннан кейін жаңа құқықтық міндеттемелер туындайды, яғни жаңа мемлекетке басқа тұрғыдан қарау керек болады. Осылайша танудың соңы – халықаралық құқықтық процеске толық қатысу, сондай-ақ, ол екіжақты қарым-қатынаста, мемлекеттің өз ішінде маңызды рөл атқарады.

## Мемлекеттерді тану

Танудың табиғатына қатысты негізгі екі теория бар. Конститутивтік теорияға сәйкес мемлекет тек басқа мемлекет оны мойындаса ғана мемлекет болып, құқықтық субъектілікке ие болады, яғни бұл теорияда мемлекеттің тәуелсіздікке қалай қол жеткізгені маңызды емес. Демек халықаралық қауымдастықтағы жаңа мемлекет бұрыннан бар мемлекеттердің еркі мен келісімінің негізінде ғана пайда болады. Бұл теорияның бір кемшілігі – «танылмаған» мемлекетке халықаралық құқықтық міндеттемелер жүктелмейтіні, яғни халықаралық құқықтық шектеулерден еркін болатыны. Мысалы, олардың агрессияға тыйым салу туралы нормаларды орындамауға еркі бар. Оның үстіне, бұл «мемлекетті» бірнеше мемлекет мойындап, қалғандары мойындамаса, тіпті қиын.

Екінші теория, декларативтік теория іс жүзіндегі нақты шындыққа көбірек сай келеді. Бұл теорияға сәйкес, тану дегеніміз – басқа мемлекеттердің осы мемлекеттегі қалыптасқан жағдайды жай ғана тануы, яғни жаңа мемлекет халықаралық құқықтық субъектілікке басқа мемлекеттердің еркі мен келісімінің негізінде емес, керісінше, нақты қалыптасқан жағдайдың негізінде ие болады. Жаңа мемлекет өз күшімен, ішкі қалыптасқан жағдайдың негізінде пайда болады, яғни ол басқа мемлекеттердің өзін танығанын күтіп отырмайды.



Бұл доктрина көп жағдайда дәстүрлі позитивистік идеядағы мемлекеттің басымдығы және халықаралық қауымдастықта орталық биліктің болмайтыны туралы көзқарасқа қарыздар.

Соңғы жылдардағы тәжірибе декларативтік теорияның әлдеқайда ынғайлырақ екенін, оның артықшылығы көптеу екенін көрсетіп отыр. Қандай да бір себептерге байланысты басқа мемлекеттерді танымаған елдер, жаңа мемлекеттердің халықаралық құқыққа сәйкес белгілі бір құқықтары мен міндеттері болатынын еріксіз мойындап отыр. Мысалы, араб әлемінің Израильді танымауы, АҚШ-тың кейбір коммунистік елдерді танымауы екінші тарап құқықтық вакуумде қалып қойды дегенді білдірмейді. Бұл жердегі негізгі ұстанымның мәні – мемлекеттің құқықтары мен міндеттері бәрібір пайда болатыны анық, ал танудан бас тарту, негізінен, саяси себептен туындайды.

Егер конститутивтік теория тұрғысынан қарасақ, жаңа мемлекет халықаралық құқықта агрессия көрсетпеу және мемлекеттердің ішкі ісіне араласуға тыйым салатын құқықтық нормаларға қатысы жоқ екенін білдерер еді. Ал «мемлекетті» танудан бас тартып отырған мемлекеттің қай-қайсысы да мұнымен келіспесі анық.

Екінші жағынан, конститутивтік теория мемлекеттердің практикасында мүлдем қолданылмайды деуге болмайды.

Кейде жаңа мемлекет немесе жаңа үкіметтің пайда болуы конституцияға қайшы жолмен жүзеге асады. Ал кейде жаңа мемлекеттің, жаңа үкіметтің пайда болуы басқаларға қауіп төндіруі мүмкін. Бұл жағдайда танудың өмірлік мәні бар десек болады. Кез келген жағдайда, әсіресе фактілер айқын емес, әртүрлі түсінілген жағдайда, мемлекеттің тануы – ол мемлекеттің ситуацияны, нақты жағдайды қай тұрғыдан бағалауына пара-пар шешім болмақ. Мұндай бағалаудың міндетті күші болады. Жағдайға аяқасты күрт өзгеріп кетпесе, мемлекет өзінің о баста іс жүзіндегі мәлім болған позициясын кейін жоққа шығара алмайды.

Мұндай теориялық айырмашылық танудың маңызды қырларын ашады. Әрі мемлекеттердің халықаралық құқықтың дамуына тигізіп отырған ықпалын көрсетеді. Халықаралық құқықтың халықаралық қауымдастық мен мемлекет арасындағы байланыстырушы қызметінің маңызы зор екенін осыдан-ақ білуге болады.

Америка Құрама Штаттары бұл тұрғыдағы, яғни тану туралы көзқарасын 1976 жылы білдірді. Америка Құрама Штаттарының түсінігінде халықаралық құқық бір мемлекетті қандай да бір басқа мемлекетті мойындауға міндеттемейді; мемлекетті тану мәселесі – әр мемлекеттің өз еркімен қабылдайтын шешімі. Америка Құрама Штаттары мұндай шешім қабылдайтын кезде әдетте кейбір фактілерге назар аударады. Ондай фактілердің қатарында өзінің белгіленген территориясы мен халқына билік жүргізуі; сол территорияда үкіметтік әкімшіліктің болуы, сыртқы қатынасқа түсу және халықаралық міндеттемелерді орындау қабілетінің болуы бар. Америка Құрама Штаттары, сондай-ақ, сол ұйымды халықаралық қауымдастықтың басқа мүшелері танығанына да назарға алады.

Ал Ұлыбританияның көзқарасы бойынша, мемлекетті тану үшін оның мынадай қарапайым белгілері бар. Олар: нақты белгіленген территориясы мен халқының болуы, сол территориясына өз бетінше билік жүргізе алатын үкіметтің болуы, сыртқы қатынастардағы тәуелсіздігі, сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымының кейбір қарарлары да маңызды рөл атқаруы мүмкін.

## Үкіметтерді тану

Жаңа үкіметті тану жаңа мемлекетті танудан мүлдем басқа. Бұл орайда жаңа үкіметтің мемлекеттілігі қалыптасқан критерийлер негізінде бағаланады. Ал үкімет өзгерген кезде басқа да критерийлер өзгереді. Мұндай кезде жаңа үкімет билікке конституцияға қайшы жолмен келсе ғана тану туралы мәлімдеме жасалады.

Тану үкімет пен әкімшілікті *de facto* тану және үкімет пен әкімшілікті мемлекеттің территориясының тек бір бөлігінде билік жүргізуші ретінде ғана тану болып бөлінеді. Тану арқылы мемлекеттің нақты критерийлерге сәйкес келетіні мен танудан кейін туындайтын құқықтық салдарларын бірге мойындауды білдіреді. Мысалы, қандай да бір ұйымды мемлекеттің үкіметі ретінде тану деп аталған ұйымның үкімет болу үшін қойылатын талаптарды орындап отырғанын ғана емес, сондай-ақ, ендігі жерде сол ұйыммен мемлекеттің билік органы ретінде қатынас



жасайтынын, үкімет мәртебесіне ие болғаннан кейін оның ішкі құқықта туындайтын құқықтық субъектілігі мен иммунитеті сияқты құқықтық салдарларды мойындайтынын білдіреді.

Заңсыз жолмен билікке келген үкіметті танудың белгілі бір критерийлері қалыптасқан. Мұндай критерийлер билік ауысуының растығын мойындаумен бірдей. Жаңа үкімет мемлекетті ұзақ уақыт тиімді басқарады деп пайымдалады. Мысалы, Ұлыбритания Сыртқы істер министрінің орынбасары мойындау кезінде халық сол жаңа үкіметті қолдай ма? Үкімет мемлекеттің территориясының басым бөлігіне билігін жүргізіп отыр ма? деген мәселелер бірінші кезекте назарға алынатынын мәлімдеді.

Малколм Шоудың пікірінше, Тиноко ісі бойынша арбитраж (Tinoko Arbitration) «толық билік жүргізу» ұғымына қызық мысал бола алады. 1919 жылы Коста-Рикада Тиноко үкіметі құлап, билікке келген жаңа үкімет Тиноко үкіметінің Британия азаматтарына қатысты қол қойған міндеттемелерін орындаудан бас тартты. Тиноко арбитражының төрағасы У. Тафт осы істі қараған кезде Тиноко үкіметін тану немесе танымау мәселесіне сілтеме жасаған. Ол былай деп шешті: әкімшілік мемлекетті толық басқарып отыр, демек, ол әкімшілікті бірқатар мемлекеттер, оның ішінде Ұлыбритания танымаса да, бәрібір қабілетті үкімет болып қалады. Дегенмен арбитр Тафт осы іске қатысты былай деп пікір білдіреді:

«Әдетте елдегі билікті қолына алған үкіметті басқа мемлекеттер танудан бас тартса, үкіметтің халықаралық құқықтың талабына сай тәуелсіздігі мен билігінің толық орнағанын мойындамағаны».

Жалпы, елде толыққанды билік жүргізіп отырған үкіметті тек билікке заңсыз немесе заң нормаларына қайшы жолмен келгені үшін танудан бас тартудың дәлелді күші әлсіз болады. Басқаша айтқанда, жаңа үкіметтің билігі әлі де нақты белгілі болмай тұрған кезде сол үкімет үшін басқа мемлекеттердің тану туралы мәлімдемесі аса маңызды. Ал үкімет нық орнаған болса, басқа мемлекеттің танудан бас тартуы үкіметтің құқықтық сипатына әсер ете алмайды. Кез келген жағдайда толық билік жүргізу маңызды фактор болып қала береді. Жаңа үкіметтің билікке заңсыз жолмен келгені үшін танудан бас тартудың әсері үкіметті мемлекеттің территориясында толық билік жүргізе алмай отырғаны үшін, танудан бас тартуға қарағанда төменірек болады.

Үкіметтің алмасуы мемлекеттің өз мәртебесіне әсер етпейді. Үкіметі құлаған мемлекет халықаралық құқықтық субъектілігі болуын тоқтатпайды. Бұл мәселе дау туғызбайды. Мемлекеттің жаңа әкімшілігін тану мен танымау мәселесінің мемлекеттің құқықтық сипатына қатысы жоқ. Сәйкесінше, мемлекетті тану мен үкіметтік қарым-қатынасты шатыстырмаған жөн. Үкіметті тану мемлекет емес, керісінше әкімшілік биліктің мәртебесіне әсер етеді.

Дегенмен кей жағдайда мемлекет пен үкіметті бірге тану керек болатын кездер де ұшырасады. Мұндай жағдай жаңа мемлекет пайда болған кезде болады. Мысалы, Израиль үкіметін Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбритания де-факто деп таныды. Үкіметті тану мемлекетті тануды білдіреді. Бірақ бұл принцип ол басқа жолмен жұмыс істемейтінін есте сақтаған жөн.

Үкіметті тану халықаралық құқықта жаңа құқық субъектісі пайда болды деген сөз емес. Алайда дипломатиялық қатынас саласында айрықша маңызға ие. Егер үкіметті танымаса, онымен дипломатиялық өкілдерінің арасында қарым-қатынас орнатылмайды, яғни жаңа үкіметтің халықаралық құқықтары мен міндеттерін орындауына қатысты мәселелер туындайды.

## deFacto және de Jure тану

Танудың субъектілері көп десек, танудың өзі түрлі формада көрінуі мүмкін. Тану де-факто немесе де-юре түрінде болуы мүмкін.

Де-факто тануда танылған үкіметтің билігі ұзаққа жалғасатынына күмән келтіреді. Ал де-юре тану әдетте үкіметтің толық билік жүргізіп отырғанын, билігінің тұрақты да берік екенін, билік жүргізуіне ешбір құқықтық кедергі жоқтығын, соның ішінде ешбір шетелдік державаға бағынышты еместігін мойындайды. Де-факто тануда елдегі қалыптасқан жағдайды күмәнді түрде бағалап, оқиғаның соңын күтуге, әліптің артын бағуға тырысса, де-юре тануда еш



күмәнсіз, ресми тануға тырысады. Мысалы, Ұлыбритания 1921 жылы Кеңес үкіметін де-факто, 1924 жылы де-юре таныған.

Осы әдіс арқылы танушы мемлекет өзінің саяси жағдайы (ахуалы) мен өзінің мүддесіне сай әрекет етуі мүмкін. Сөйтіп, үкіметтің ауысуының тұрақтылығы немесе заңдылығына баға беру құқығының өз еркіне қалдыра алады. Бұдан бөлек, мемлекет өзінің азаматтары мен институттарының мүддесін қорғай алады.

## Тұспалдап тану

Әдетте тану ашық, айқын ресми формада болады. Бірақ кейде тұспалдап та жасалады. Бұл түптеп келгенде, тану туралы мәлімдеме жасайтын мемлекеттің мүддесі мен еркіне байланысты. Сәйкесінше, қандай да бір әрекетке бару арқылы бір мемлекет екінші мемлекетті немесе үкіметті жанама түрде мойындады деп мәлімдеуге болатын жағдайдар бар. Тұспалдап немесе жанама тану мүмкіндігі болғандықтан, мемлекеттер өздерінің іс-әрекеттерін нақты тану деп түсінудің қажеті жоқ деп нақты, тіке мәлімдей алады.

Мысалы, Араб мемлекеттері Израильге қатысты осындай ұстанымда болды. Мұндай мәлімдемелер автоматты түрде ешқандай тұспалдап тану болмайтынын көрсетеді. Бірақ әлгіндей іс-әрекеттен кейін ондай мәлімдеме жасалмаса, кейбір жағдайда бұл іс-әрекетті басқалар тұспалдап тану мәлімдемесі ретінде түсінуі мүмкін.

Ешқандай ащы, ресми мәлімдеме жасалмаған кезде, тұспалдап таныған болып есептелетін жағдайларды қарастырайықшы. Мысалы, жаңадан пайда болған мемлекетті егемендігімен құттықтау хатын жолдау, ресми дипломатиялық қатынас орнату тұспалдап тануды білдіреді. Бірақ бейресми байланыстар (Америка Құрама Штаттары мен коммунистік Қытай арасындағы 1960 жылдар мен 1970 жылдардың басындағы байланыстар осыған мысал болады.

Бұған дейін танымаған мемлекеттің өкіліне консулдық қызмет атқаруға рұқсат беретін консул экзекватурасын тапсыру әдетте сол мемлекеттің өзін тануға тең, бірақ барлық кезде олай бола бермейді. Мысалы, Тайваньда Ұлыбританияның консулы қызмет атқарған, бірақ Ұлыбритания Тайваньды таныған жоқ. Кейде мемлекет бұған дейін танымаған мемлекетпен екіжақты келісім жасаса және бұл келісім уақытша келісім болмаса, сол мемлекетті танығаны болып есептелуі мүмкін. Бірақ бұл мәселе де даулы.

Себебі бірін-бірі танудан бас тартып отырған мемлекеттердің арасында да бірнеше осыған ұқсас шарт бар. Бұл мәселені түпкілікті анықтау үшін сол сәттегі нақты мән-жайды түсініп алған жөн.

Екі мемлекеттің көпжақты шартқа бірге қол қойғаны (мысалы, БҰҰ жарғысына қол қоюы) немесе келіссөздерге қатысу фактісі бірін-бірі тану деп саналмауы тиіс. Практика көрсетіп отырғандай, көптеген мүше-мемлекеттерді немесе олардың өкілдіктерін басқа мүше-мемлекеттер мойындамайды. Мысалы, БҰҰ-ға араб мемлекеттері де, Израиль да мүше, бірақ онысы бірін-бірі тануға, айталық араб елдерінің Израильді тануына әсер етпеді. Ал егер мемлекет өзі танымаған мемлекеттің БҰҰ-ға мүше болуын қолдап, дауыс берсе, оны танығаны деген қорытынды жасауға болады. Мысалы, Ұлыбританияның бұрынғы Югославияның Македония Республикасының БҰҰ-ға мүше болуын қолдап дауыс берді. Шын мәнінде мемлекетті танудан кейбір мемлекеттер бас тартуы мүмкін, бірақ БҰҰ-ға мүше болуы, яғни БҰҰ жарғысының 4-бабында аталған мемлекеттілікке қойылатын талаптарды орындағанын дәлелдеуі сол мемлекеттің мемлекеттілігінің бұлжымас дәлелі бола алады.

## Сұрақтар

1. Тану табиғатына байланысты теориялардың қайсысын қолдайсыз? Не себепті?
2. Мемлекетті тану мен үкіметті тану айырмашылығы қандай?
3. Қандай жағдайларда de Facto тану жүзеге асырылады? Оның артықшылығы неде?
4. Тану мен халықаралық шарттар арасындағы байланыс қандай?



## Әдебиеттер

1. J. Crawford, *The Creation of States in International Law*, 2nd edn, Oxford, 2006.
2. C. Daase, C. Fehl, A. Geise, G. Kolliarkis, *Recognition in International Relations*, Basingstoke, 2015.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Тема 6.
4. Кулжабаева Ж.О., *Международное публичное право. Общая и Особенная части*. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 4.2.